

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Западно-Казахстанская область

Ақтөреев Қонысбай.....	2
Ғұмар Нұргелді.....	5
Диярова Сәуле	9
Мұратханова Жамалай.....	11
Тасмуратова Камила	15

Ақтөреев Қонысбай

9-сынып Жәңгір хан атындағы ЖОББМ
Бөкей Ордасы ауданы Батыс Қазақстан облысы
Жетекшісі: Нұрғалиева Фарида Әбілқарымқызы

Менің атам Отан үшін от кешкен

Мамыражай бейбіт таңның бірі еді. Кенет батыстан от шарпыған қара түтін бүрк етті. Дүниедегі өмір сүйгіш, тыныштық сүйгіш жүректер солқ етті. Адам да, жан-жануар да, жаңа ғана гүлге орана бастаған дала да күңіренді. Аналар аңырап, азаматтар күрсініп, балалар ұлардай шулап жатты. Әдемінің бәрін түтінге орап, тәтті сезімдерді мұңға айналдырған неміс фашизмі ашқан соғыс еді... Осы қанқұйлы соғысқа біреу жалғыз ұлын, біреу бауырын, енді біреу сүйікті жарын қимай аттандарды. Отан қорғау-ұлы міндет. Бірақ тыныштықты, әсемдікті аңсаған Әйел-Ана жүрегі соғыс деген сұрапылға ерлерді езіле, егіле аттандырып жатқан-ды. Сол аттанған ердің бірі менің атам-Айтжан Ділешұлы. Айтжан атам 1917 жылы 1 қаңтарда Орда құмында дүниеге келген. Арғы аталарынан сынықшылық қасиет қонған отбасында үш қыз (апалары Нұржамал, Жұмаш және қарындасы Сақила) және жалғыз ұл менің атам-Айтжан тәрбиеленіп өскен. 1938 жылы әскерге шақырылған, атам Прибалтикада әскери қызметін өтеп, 1940 жылы елге оралған соң «Әжен» №88 түйе заводында бригадир болып қызметке тұрады. 1942 жылы соғысқа аттанады. Жапонияға қарсы соғыс ашылғанда Қытай халық Республикасында Манчжурияда және Жапонияны фашистерден азат етуге қатысқан. Сол кезде «Жапонияны азат еткені үшін» деген медаль берілген. 1946 жылы елге оралған.

Бейбіт өмірде одан кейін Ворошилов атындағы колхозда, Орда учаскелік ауруханасында, Орда совхозы құрылғаннан зейнеткерлікке шыққанға дейін жүргізуші болған. Өмірінің соңына дейін адам емдеп, халықтың алғысына бөленіп, талай сынық пен басқа да арудан тәні зақымданып ауырғандарға көмек көрсетіп, жандарының жай табуына көмектесіп, ілтипатқа бөленген жан.

1981 жылы музыкатанушы, қазақтың ұлттық музыка аспаптарының орындаушысы Болат Сарыбаев атамды арнайы іздеп келіп, танысып, атамның әңгімелеріне қанығып, өз қолтаңбасы қойылған кітабын естелікке сыйға тартқан. Атам 1992 жылы дүние салды. Оның сынықшылық қасиеті Ұлы Руслан мен қыздары Айжан, Ақбалаларға дарыған. Олар қазір әкелерінің қасиетті ісін жалғап келеді.

Әрине, мен атамды көргенім жоқ. Бірақ әжемнің естелік-әңгімелерін көп тыңдайтынмын. Үнемі біздерді айналып, толғанып мейірлене қарап отыратын шуақты көзі бір сәт алысты шолып, әжімді сұрғылт беті қоңырқайлана қалса, «ойын бөлмейік, бүгін әжем бір мұңды әңгіме айтатын болды ғой» деп, жанына үнсіз ғана жайғасамыз. Әжем кеудесін кере тыныстап, бір күрсініп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

алады да әңгімеге кіріседі: «Ол кезде аталарың- жап- жас жігіт. Аты өшкір фашист жастардың қандарын қарайтып, жан-жақтан өлім отын сеуіп, талай жас жүректерге жара салды-ау!..қар жастанып, мұз құрсап жүріп қанша жас замандасым жалындаған жастығын қара түнек соғыста өткерді.

Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп.
Жау жолында атам сені,
Бомба бол да жарыл, жүрек,

-деп жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранынан алып әлемге алақұйын жалын шашқан сұрапылғақарсы аттанған ерлермен бірге сендердің аталарың да соғысқа аттаныпты, - дейді әжем. Отанға қара бұлттай қатер төніп, жан-тәніңді жаншып, қор етіп таптауға жанталасқан жауға қарсы азаматтармен бірге өрімдей жастар мен арулар да айқасыпты. Оларды осы қорқынышты өлім оғына қарсы екпіндете сүйреген Отанға,туған жерге деген махаббат еді.

Қасиет- күші ұлы Отанның ,
Қанатын бер қыран құстың!
Ашуын бер арсытаның,
«Жүрегін бер жолбарыстың»

- деп замандас ақын Қасым Аманжолов жырлаған жыр әр жауынгердің және менің атамның да кеудесін өрлікпен кернеп жатқан-ау, сірә. Менің атам Жапонияны азат ету майданына қатысқан, бірнеше медалі бар. Дүниенің сан тарабынан жиналған жауынгерлердің түрі, діні, тілі әр басқа болғанымен, тілегі бір еді. Ол-фашизмнен жер жүзін азат ету, аналардың жүзіне қуаныш, сәбилерге тыныш ұйқы әперу. Сол мақсатты ұстанған бар жауынгер дос, бауырға айналып, жұмыла жүріп, аш құрсақ, ұйқысыз жүріп, жаздың аптабында таңдайлары тамшы суға зарығып кезерсе, қыс айларында аязды боранды қудыраған сұр шинельді пана тұтып, жатса төсек орын ғып жастанып, жауға төтеп берді. Жау оғы жауынгерлерді күнде сан мыңдаған майдандасынан айырылды. Оның өзі олардың жауға деген ызасын күшейтіп, жеңістің жақындауына үлесін қосып жатты. Осы жарқын күнді жер жүзіне сыйлау үшін тірі қалғандардың кейпін ақын тілімен былай көрсетер едім:

Мен қолымды көміп кеттім майданда,
Мен аяқты беріп кеттім майданда.
Мен күнімді беріп кеттім майданда,
Мен тілімді беріп кеттім майданда.
Әй, дүние,
Зағиптарды тыңда сен,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Әй, дүние, алыптарды тыңда сен.
Әй, дүние,
Олар қолын, аяқтарын бермесе,
Әй, дүние,
Сен түрегеп тұрмас ең!

Иә, менің атам майданнан аман-сау оралған. Бірақ жиырма бес пен отыздың аралығындағы жастығы майданда қалды. Әр адам өз жастығын тамсана, тәтті сағынышты сезіммен еске алса менің атам, оның замандастары, жарлары соғыс пен тұстас келген балалықтары мен жастығын мұнданып, күңірене еске алады. Оны мен өз әжемнің әңгімесінен білемін. Ерлер майдан шебінде жүргенде елдегі аналар, қариялар, арулар мен балалардың жүгі ауыр еді. Себебі ауылдың бар шарусы солардың мойнында болатын. Олар азаматтардың нардай жүгін арқалап, талмай қызмет етті. «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен қаруланып тер төкті.

Әсіресе, Республика бойынша соғыстың оты шарпыған біздің аймақтағы жағдай тым ауыр еді. Біздің ауданның аналарының қолы колхоздың ауыр еңбегінде болса, төбеден ыңылдап келіп қалған жау самолетінің бомбатжалынан «балам сау қалс» деген үрей ана жүрегіне алаң әкелетін. Себебі, Сталинград майданы тым жақын еді. Майданның қару-жарақ палатасы Орда ауылында орналасуы жергілікті халық үшін қауіп төндірісе, Сайқын, Жәнібек, Шоңай елді мекендеріндегі адамдар майдангерлерден кем зардап шеккен жоқ. Темір жол торабы арқылы майданға аттанған жауынгерлер эшалонын, қару-жарақтарды жау күнбе-күн бомбаның астына алатын. Жау бомбасының дүмпуі, бомбаланған эшалондардың күл талқаны шығып жайрап қалуы, жараланған адам, қан, ыңырсыған үн жерлестеріміздің құлағында қалып, санасында сақталғандай...

Сайқын, Шоңай, Жәнібектерден әлі күнге дейін жау бомбасы табылып, залалсыздандырылып келеді. Бұның өзі соғыстың ызғарлы ізі жойылмағандығын көреміз.

Міне, бүгін әр таңымыз арайланып атып, күн шырайлы батып жатқан кезде өмір сүріп отырмыз. Биыл Ұлы Жеңіске 71 жыл толмақ. Өз замандастарыма: -«Осы күн бізге оңай келген жоқ, сондықтан бізге бейбіт күн сыйлаған ата-бабаларымызды құрметтеп, олардың рухына тағзым ете жүрейік»! - дегім келеді.

Ғұмар Нұргелді

10- сынып, А.Құсайынов атындағы ОЖББ мектеп-балабақшасы,
Бөкей ордасы ауданы БҚО.
Жетекшісі: Амиргалиева Нурсулу Сабитовна

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі

Ұлтық рух пен ұлттық патриотизм- бұл ұлттың
ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті
Б.Момышұлы

Тәуелсіз еліміздің тарихындағы айтулы күндердің бірі- II дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Кеңес халқының 1941-1945 жылдары фашистік басқыншыларға қарсы Ұлы Отан соғысы аталған қасіретте ерлікпен күресіп, қол жеткізген Ұлы Жеңіс мерекесі. Бұл-баршамызға ортақ салтанатты оқиға, бүкіл қазақстандықтардың тарихи сындарлы, қаһарлы, отты жылдардағы майдан мен тылдағы Кеңес халқының тынымсыз еңбегімен, соғыс даласында кеудесін отқа тосқан батыр жауынгерлердің қанымен, Отанды қорғау жолында құрбан болған өрімдей жастармен, баласынан айырылған аналар мен әкелердің, туыстар мен бауырлардың көз жасымен келген қастерлі де қасиетті мереке.

Бүгінгі күні Ұлы Отан соғысының 71 жылдығы қарсаңында қандай болсын құрметке лайық соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің саны күн сайын азайып келеді. Республика көлемінде соғыс пен тыл ардагерлеріне әрқашан зор құрмет бөлініп, Отан қорғау жолындағы олардың ерлігі мен қайсарлығы насихатталып, жас буын ұрпаққа үлгі ретінде түрлі шаралар өткізіліп тұрады. Бұл күнді мәңгілік есте қалдыру мақсатында атап өту-еліміздің тұғырлы тарихы мен қалыпты өркендеуінің, бейбітшілігінің кепілі ретінде тойлануға тиісті мереке. Уақыт жылжып өткен сайын, тарих қойнауындағы дүниені дүр сілкіндірген оқиғалардың түпкілікті мән- жайы, себеп- салдарлары айқындала бермек. Оның кейіпкерлерінің тұлғасы жан-жақты ашылып, тарихи оқиғаның маңызы арта түспек. Бұл, әсіресе, Қазақстан тарихнамасына тән қағида. Зор тарихи маңыз алған осындай тақырыптың бірі – 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ жауынгерлері мен тыл еңбекшілерінің бұрын -соңды болмаған халықтық ерлігі. Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат баласының тарихындағы ең сұрапыл соғыс болды. Республикада жасақталған әскери құрамалар екінші дүниежүзілік соғыстың басты майдандарында болып, жеңіс жолында жаумен аянбай шайқасты. Олар Мәскеу түбіндегі шайқасқа қатысып, ерлік пен табандылықтың үлгісін көрсетті. Тарихқа үңілер болсақ, 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңестер Одағының территориясына басып кіріп, бейбіт елдің төбесінен соғыс дабылын қақты. Тосыннан келген жауға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

қарсы табанды қарсылық көрсете білген Кеңес халқы 1941 жылдың 30 қыркүйегінен 1942 жылдың 20 сәуірі аралығында Мәскеу түбіндегі шайқас, 1942 жылдың жазында басталып 1943 жылдың ақпанына дейін созылған Сталинград түбіндегі шайқас, 1943 жылдың II жартысындағы Курскідегі шайқастар мен 1 миллион 300 мыңнан астам жауынгер қатысқан Партизандар қозғалысында жау басып алған аймақтарда ерен ерлік үлгісін көрсетіп, Отанымызды фашистік басқыншылардан азат етті. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлердің ерлігі Кеңес мемлекеті территориясында ғана емес, Сонау Батыс Еуропа, Қиыр Шығыс далаларында да жалғасып, осы өңірлердің халқының фашистердің жаулап алу қарқынынан азаттығын сақтап қалды. Осы отты жылдары Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін 11 600 адамға Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Олардың 497- сі қазақстандық, соның ішінде 97 қазақ бар. Ал Данқ орденінің III дәрежесіне 110 қазақстандық ие болды.

Елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей, асылдық пен жасындықтың үлгісіндей аты аңызға айналған баһадүр батыр-Бауыржан Момышұлы.

Бауыржан Момышұлы- тау тұлға. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316- атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанды. Батальон, полк командирі болды. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құраммен аман-есен дивизиясына қосылды. Ресейдегі Волокаламск, Горюнь, Матренино, Лопастино, Крюкова, Бородино, Трашкова т.б. қала, деревнялар үшін болған қырғын ұрыстарда 9 рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. Оның қолбасшы, әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен ашылды. Бауыржан Момышұлы-әскери педагогика және әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ-даңқы, батырлығы А.Бектің «Волокаламск тас жолы» атты кітабында суреттеледі. Ол кісінің өмір жолы, сұрапыл соғыс жылдарындағы жанқиярлық ерлігі, өжеттігі мен өрлігі, алғырлығы мен көрегендігі-біле-білгенге үлкен өнеге мектебі. Батыр Бауыржан Момышұлы-алмас қылыштай өткір де қайсар, дана да данышпан, шешен әрі ақын, «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірі ел қадірі» деп бағалаған айбынды азамат. Осынау дара тұлғаның бүкіл саналы ғұмыры, ғибратқа толы істері, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері, терең мағыналы ойлары әркімнің көкейінде.

Бауыржан Момышұлы-адамгершіліктің, азаматтықтың, патриоттықтың, имандылықтың символы, көркем бейнесі іспетті. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы жеке бас ойшылдығымен, Отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, қаһармандығымен, дарындылығымен, жоғары

адамгершілік қасиеттерімен елеулі. Ел оның ерлігін, жазған кітаптарын жақсы біледі, ерлік істерін, мәрттігін, айбындылығын жырдай етіп айтады. Ұлдарына елі сүйген ұлындай болсын деп Бауыржан есімін береді. Бауыржанның мірдің оғындай қанатты сөздері де ел аузында жүр. Соғыста 207 рет шабуылға шығып, бірнеше рет жараланып тірі қалғаны, өмір бойы ешкімге бас иемей, тек өз ар-намысының ғана құлы болмай халқының қамын ойлап, болашағы үшін күресіп өткені, өмірдегі өзі арқалаған ауыр жүгін, қоғам алдындағы өз парызын терең түсінгені-осының бәрі батыр шығарған қанатты сөздердің қайнар бұлағы- Бауыржан Момышұлының нақыл сөздеріне айналған, оның басынан кешкен жайттары ғана емес, өмірден көріп-білгені, көкірек-көңіліне түйгені, жүрегіне ұялағаны, қоғамға, болашаққа деген ой-пікірлері. Ал бұл ойларды жинақтап, мақал-мәтел деңгейіне дейін көтеріп, болашаққа өсиет ретінде жазып қалдыру-тек Бауыржан Момышұлы сиқты талантты тұлғаның ғана қолынан келетін іс. Батырдың өсиет сөздерінің көбі Ұлы Отан соғысы кезінде жазылған. «Білек бірді жығады, ақыл-айла мыңды жығады», «Ер намысы-ел намысы», «Ерді намыс, қоянды намыс өлтіреді» секілді аталарымыздың ұшқыр сөздерін Бауыржан Момышұлы орынды пайдалана білген. Сондықтан батырдың өсиеттері қазақ жауынгерлеріне өте жақын, ойларына азық, бойларына қуат беріп тұрған.

«Намысты нанға сатпа», «Ердің туы-намыс», «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық», «Ұшқынсыз от тұтанбас», «Өзін сыйламаған басқаны сыйлауға қабілетсіз», «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» т.б. сөздері жастың да, кәрінің де жадында жатталған ұлағатты сөздер.

«Мақал-мәтел-өмір тәжірибесі, қиналған, қысылған сәттерден қалай құтылатыныңды оймен өрнектеп, сөзбен кестелегенде ғана нақылға айналмақ»-деген батыр атамыз.

Бауыржан Момышұлы Калинин қаласында тұрғанда жатын бөлмесінің кішігірім терезедей форточкасы болған екен. Қыстың қақаған аязында оны ашып тастап ұйықтайды екен. Бір күні сол суық бөлмеге жауынгер серіктерінің бірі кіріп: «мынау қазақ жататын орын емес, қасқыр жататын жер ғой», - деп екінші бөлмеге қарай қаша жөнеліпті...

Бауыржан атамыздың Қиыр Шығыс мектебінде қалай шыныққаны жайында бір сәтте есімнен шықпайды. «Мен өз өмірімнен Қиыр Шығысты бір минут та бөліп тастай алмаймын. Қиыр Шығыс- жас адамды шынықтырып, шыңдайтын, езді- ер, егдені кемеңгер етіп ширататын өлке ғой, шіркін! Табиғатының өзі-ақ адамға алуан түрлі сабақ беріп тұрған тәрізденеді. Қарағайдың түзулігі саған екі иығыңды салбыратпай, тік жүруді үйретеді. Аспанға шапши атылған ақ сүттей ақ қайыңдар сені адалдық пен пәктікке шақырады. Аузын арандай ашқан аш айдаһардың жұтқыншағындай ми батпағы өлім дегеннің не екенін көз алдыңа елестетіп, өмір үшін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жанталаса күресудің тәсілін және ұқтырады. Темір соғатын жерді ұста дүкені демей ме? Қиыр Шығыстың жазы сені ұста көрігінің отына көмілген темірдей қыздырса, оның ақырған аязы сол ыстық темірді шыңдау үшін суық суға малғандай шыжылдатады. Өз басым сол Қиыр Шығыс табиғатының тамаша дүкенінде соғылған шегемін деп есептеймін! Қиыр Шығыс дүкенінде мыңдаған шегелер соғылды. Мен солардың бірі ғанамын. Ұстазсыз ұста дүкені болмайды ғой. Мені, менің тұстастарымды болат «шеге» етіп, сомдап соққан ұста Блюхер болатын!».

Батырдың даңқы, рухы өзіне керек емес, ол бізге, ұлтымызға, келер ұрпағымызға керек.

Бауыржан Момышұлының даңқымен, рухымен, дана өсиет сөздерімен тәрбиеленген ұрпақ осал ұрпақ болмайтыны айдан анық.

Бауыржандай алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік! Мен Бауыржан атамызбен мақтанамын, өзіме үлгі тұтамын, оған ұқсауға тырысып, еліктеймін.

Диярова Сәуле

10- сынып, А.Құсайынов атындағы ОЖББ мектеп-балабақшасы,
Бөкей ордасы ауданы БҚО
Жетекшісі: Амиргалиева Нурсулу Сабитовна

Әлия Отанына болған мақтан

Молдағұлова Әлия (шын есімі Ілия) Нұрмұхамедқызы Ақтөбе облысының Қобда ауданы Бұлақ аулында туған. Қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының Батыры. Анасы Маржан қайтыс болғаннан кейін нағашысы Әубәкір Молдағұловтың қолында тәрбиеленіп, Санкт-Петербургтегі № 9 мектепте оқыған. Ресейдің Рыбинск авиатехникумын бітірген. 1942 жылы өз еркімен Қызыл Әскер қатарына алынып, 1943 жылы мергендердің Орталық әйелдер мектебін үздік бітіріп шықты. 1943 жылдың тамыз айынан 2- Прибалтика майданында 26- атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысып, мергендігімен көзге түсті. Новоскольникови теміржол станциясы маңында болған ұрыста Молдағұлова жауынгерлерді шешуші шайқасқа бастап, қаһармандықпен қаза тапты. Санкт- Петербург және Мәскеу қалаларындағы және көптеген облыстардағы ондаған мектептер, көшелер Молдағұлова есімімен аталады. Новоскольникови, Алматы, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе қалаларында және туған аулында ескерткіш орнатылған. Ақтөбе қаласында Молдағұлованың мемориалдық мұражайы жұмыс істейді. Мәскеудің № 891 орта мектебі жанында Әлияға арналған мұражай бар. Оның өмірі мен ерлігі жайында ақындар Я.Хелемский «Әлияның жүрегі», С.Жиенбаев «Әлия» дастандарын, жазушылар Ж.Жұмақанов «Әлия Молдағұлқызы», Ә.Нұрмаханова «Шығыс шынары» повестерін жазды. Молдағұлова туралы «Мергендер» атты фильм түсіріліп, балет шығарылып, «Әлия» әні туды. «Әлия» әні ән көгінде кәрі-жас ұйып тыңдайтындай ән маржанына айналды. Бұл мәңгі жас Әлияға арналған әнмен қойылған ескерткіш еді. Мәншүк, Әлия бүгінгі күні жас ұрпақтың табынары, ерлік пен елдіктің, сұлулықтың символы.

Ақын жырлағандай:

«...Қыз тусаң, қыз тудым деп қазақ шаттан,
Әлия отанына болған мақтан.
Бежаница маңында мүсіні тұр
Дегендей ерлікке аттан, еңбекке аттан..»

Ұлы отан соғысының дүниежүзі үшін маңызы зор болды. 1945 жылы 8 мамырда Берлинде фашистік Германия жеңілгенін мойындап қол қойды. 1945 жылдың 9 мамырында бұрын-соңды болмаған мың зеңбіректен 30 дүркін салют атылды. Міне, Жеңіс күні осылай келген еді. Дүниежүзі халқы

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

бостандық алды. Халық Отан ұғымын терең сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық, басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті. Қорыта келгенде, шығармамды Бауыржан Момышұлының сөзімен түйіндесек, соғыс деген- бұл:

- талай ұрпақтардың қайғысы, әрбір үйдің қасіреті;
- бақытсыздыққа ұшыраған балалық шақ;
- жесірлер мен аналардың көз жасы;
- миллиондаған ерлер мен әйелдерді, қарттар мен балаларды аяусыз қыру;
- аштық пен қайыршылық;
- 1710 қала мен 70 мың деревняны жойып жіберу;
- ұлттық байлықты құрту;
- мәдени құндылықтарды жою;
- 1418 күн мен түн...

Патриотизм- әлеуметтік тарихи қалыптасқан сезім. Ал Отанға деген сүйіспеншілік сезім Отанға қызмет көрсетуден басталады. Халқымыздың Отаншыл ұлы Бауыржан Момышұлы: «Біздің тарихымыз- батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азамат пен кісіліктің символы санаған. Батырлық, ерлік ұрпақтан-ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек, өткенін білмеген, тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы тұл, келешегі тұрлаусыз». Біздің қазақ халқы батыр халық.

Еліміздің болашақ жастарын Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелейміз десек, ең алдымен, қазақ мәдениеті мен өнеріне, тарихына, мемлекеттік тілімізге мән бергеніміз жөн. Біздің халқымызда Отаншылдыққа тәрбиелеудің тамыры тереңде, халық ауыз әдебиетінде-мақал- мәтелдер мен қанатты сөздерінде, ертегілер мен батырлар жырында, терме мен халық әндерінде жатқаны ақиқат. Қазақта «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер бір өледі, ез мың өледі» деп, жас ұрпақты елін сүйуге, намысты таптатпауға тәрбиелеген. Ендігі мақсат осындай ұлағатты да дана сөздерімізді жас ұрпақ бойына сіңіре отырып, елімізді мекен етіп отырған барлық ұлттарға жеткізу, олардың да Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру болмақ.

Мұратханова Жамалай

1. 7- сынып, А.Құсайынов атындағы ОЖББ
мектеп-балабақшасы, Бөкей ордасы ауданы БҚО
Жетекшісі: Амангелдіұлы Ерназар

Қыз емес, қызыл от боп жаратылған...

Мен қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметовамен жерлес болғанымды, бөкейлік болғанымды мақтан етемін.

Мәншүк (Мәнсия) Жеңіскәліқызы Мәметова-қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры. Екінші дүниежүзілік соғыста осы жоғарғы атаққа ие болған шығыстан шыққан екі қыздың бірі. Алғашқы қазақ зиялыларының бірі А.Мәметовтың отбасында тәрбиеленген. Алматы медициналық институтында оқып жүріп, Кеңес армиясы қатарына өз өтініші бойынша алынған. Мәншүктің майданға өз еркімен аттануының бір себебі- халық жауы ретінде әкесін босату еді. Соғысқа өз еркімен келгенін, енді әкесін босатуын талап етіп И.Сталинге үш рет хат жазады. Алайда, Мәншүк бұл уақытта әкесінің атылып кеткендігін білген жоқ еді.

1942 жылы тамыз айында өзінің табандылығының арқасында Алматыда құрылған 100- атқыштар бригадасының құрамында майданға келген Мәншүк әуелі штабтағы хатшылық қызметте жұмыс істейді. Ұрыс алаңына бір-ақ түсем деп ойлаған Мәншүк бұл жұмысқа қанағаттанбай, штаб бастығынан атқыштар бөлімшесіне ауыстыруын өтінеді. Оған рұқсат етілмеген соң 1943 жылы ақпан-шілде айларында табиғатында зерек қыз «максимді» меңгеріп алады.

1943 жылы қазан айында азат етілген ежелгі орыс қаласы Невельді қайтарып алуға тырысқан жау әскері қайта шабуылға шығады. Невель үшін кескілесе жүріп жатқан ұрысқа Мәншүк бригадасы да кіреді. 15 қазан күні олар алдымен Мәскеу-Ленинград темір жолы бойындағы Изочи станциясын басып алады. Алайда екі-үш есе күшті қаруланған жау біраз жауынгерлерді жойып жібереді. Пулеметшілер орналасқан төбешікте Мәншүк бір өзі қалады. Өзге пулеметтерді де іске қосып, бекініске таяп қалған қаптаған жауды жалғыз өзі жусата берді. Қорғанысқа көшкен жауынгерлер көп ұзамай-ақ үсті-үстіне гүрсілдеген бомба дауысын естіді. Мәншүк пулеметтері үнсіз қалды. Мәншүк «максимінің» үстіне қолын басқышқа созған күйі құлапты. Осылайша табанды, өршіл мінезді Мәншүк ерлікпен қаза тапты. Оның көзсіз ерлігі бүкіл әскерді, тыл еңбекшілерін табындырды, өжет қыздың қазасы күңгірентті, сонымен қатар оның майдандас жауынгерлеріне ерен күш-жігер берді.

1944 жылы 5 наурызда батыр қызға КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы ресми түрде берілді.

Ержүрек қыздың майданға өз еркімен келуінің өзі бір ерлік болса, ауыр жараланып, қансыраған қаруласына қанын өткізіп, оны аман алып қалуы-Мәншүктің тағы бір ерлігі.

Шығыстың қос жұлдызының бірі атанған, жадымызда мәңгі жастықтың, ерліктің иесі болып қалған Мәншүк бейнесі көз алдымызға жас та сұлу қалпында, мәңгі жас қалпында елестейді. Ғұмыры ерте қиылған, кейінгі ұрпақ суретінен ғана тамашалаған Мәншүк қыздың бейнесін сол сұрапыл жылдары жазушы Әзілхан Нұршайықов көріпті. Жазушы естелігіне көз жүгіртсек:

«Құрбылар,- деді Мәншүк бір кезде тоқтай қалып,- бәріміз қосылып қазақша ән шырқайықшы. Бұл жер біздің қаруымыздың дүрсілін ғана емес, халқымыздың әнін естісін.

-Айтайық, Мәншүк.

-Өзің баста, біз қосылайық,- деп оны қоршап тұра қалдық.

Мәншүк арқасында келе жатқан автоматын сырғытып алдына шығарды. Домбыра пернесін қуалаған сияктанып, стволдың сағағын нәзік саусақтарының ұшымен жып-жып еткізіп, басып-басып қойды. Содан соң саусақтарын сәнмен тарбита ұстап, сәл бөгелді де, автоматтың ағаш дүмін қағып-қағып жіберді. Мәншүктің қазақтың атақты әншілерінің кербез қылықтарын есімізге түсірген бұл ерке қимылына бәріміз мәз болып күлдік. Ол өзінің нәзік, сонымен бірге асқақ әуенімен «Қараторғайды» бастады. Алғашында жігіттер оған ілесе үн қосудың орнына сілтідей тынып қалды.

Бұл біздің соғысқа келгелі қазақ қызының аузынан естіген тұңғыш әніміз еді. Оның үстіне жасынан әнді сүйіп өскен Мәншүк мектепте, рабфакта оқығанда үнемі хор үйірмесін басқарыпты». Елге деген сағынышын әнге сыйғыза білген Мәншүктің жүрегі қандай нәзік, сезімі қандай сыршыл, ойы қандай Отаншыл еді.

Тағы да Әзілхан ағамыз: «Мәншүктің сонда шырқаған әндері, айтқан сөздері, күлген күлкісі ұмытылмастай болып көкейімде қалды. Оның сүйріктей саусағын бізге, қасында келе жатқан жігіттерге кезек нұсқап: «Сен де, сен де менің құрдасымсың», деп жайрандай күлгені, «Алматыны бір көрсем-ау!» деп күрсінгені, «Мен майданға сүйісу үшін емес, соғысу үшін келгенмін», деп қатулана қабақ шытқаны үнемі көз адымда жүреді. Ол маған өлмеген, әлі күнге дейін пулемет батальонының қасындағы кішкентай дөңнің үстінен жауынгер құрбылары мен ағалары кеткен жаққа кезек бұрылып қол сермеп тұрғандай боп көрінеді», -дейді.

Иә, шынында да, Мәншүк мәңгі тірі, ол сендер мен біздің құрбымыздай сезіледі. Суретіне қарап тұрып, осыншама табандылық пен қайсарлық, өжеттік пен батырлық Мәншүк бойына сыйып тұрғанына таң қалғандайсың.

Батыр қыздың құрметіне Оңтүстік Қазақстан және Павлодар облысының еңбекшілері «Мәншүк атындағы танк колоннасын» құру үшін қаражат жинап, оған жасалған 26 танк майданға жіберілді. Батырдың туған жерінде

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

мемориалдық мұражай, Орда аулында, Орал қаласында мұражай ашылды. Невель, Алматы, Орал қалаларында ескерткіш орнатылып, Алматыдағы 28-орта мектеп пен медицина институты алдына ескерткіш-тақта қойылған. Қазақстанның ақын-жазушылары Мәншүк Мәметова туралы көптеген өлең, поэмалар жазды. Ақын М.Хакімжанова «Мәншүк» поэмасын жазды. А.Михалков-Кончаловскийдің сценарийі бойынша режиссер М.Бегалин «Мәншүк туралы ән» атты көркем фильм түсірді. Туған жері Бөкей Ордасы ауданының орталығындағы Сайқын аулындағы орта мектепке, Орал қаласындағы № 30- мектепке Мәншүк Мәметованың есімі берілген.

Жерлес ақын ағамыз Қадыр Мырза Әли Мәншүк апамызға арнап былайша жыр арнапты:

Қыз емес, қызыл от боп жаратылып,
Жауыңа жолбарыстай көр атылып!»-
Десек те,
Жүрдің-ау сен
Шинеліңнің
Шұбалған етегіне оратылып.

Сұраусыз сөз айтуға именетін
Сұлуға заман ба еді үйленетін!
Қолпылдап жүрді-ау сенің аяғыңда
Қос қабат шұлғау орап киген етік.

Танымас көре қалса дос түріңді-
Болдың-ау аттағандай дәстүріңді,
Көзіңе келген жасты қайда қойдың,
Түбінен қырыққанда қос бұрымды ?!

Қызындай Орал, Кавказ, Қырымыңның
Қыз едің қарапайым- бірі мыңның.
Төледі айыпты жау қанша ғұмыр
Құнына қос білектей бұрымыңның ?!

Етінен кесіп берер білем етті
Әулеті батыр елдің елең етті,
Қазақтың төпеп айтар термесіндей
Лекіте жөнелгенде пулеметті!

Өзің де оқ боран боп барасың ба?
Айналды жаудың алды борасынға.
Сөйлеттің бір емес, үш пулеметті,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жүгіріп үш «Максимнің» арасында.

Ыңылдап өз тілінде салдың да әнді,
Мандайдан бір кез сүртіп алдың қанды...
Құшақтап пулеметті бауырыңдай
Тарихтың көз алдында қалдың мәңгі!

Тасмуратова Камила

6 сынып, Федоровка қазақ ЖОББМ
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Федоровка ауылы
Жетекші: Аманғалиева Жемис Галимжановна

Ұлы Жеңіске тағзым

Жатқанда Отан жері отқа жанып,
Тұрғанда туысқандар жауда қалып,
Жеңбесек, жойқын қайрат шығармасақ,
Жігіттің неге жүрміз атын алып?
Ж.Молдағалиев

Соғыс... Бұл –үлкен қасірет. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін күйретуші күш! Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Әркімнің көзінен жас, жүрегінен қан ағызған сұрапыл жылдар. Талайды жақындарынан, туған бауырларынан айырған, сүйгендерінен қол үздірген, ардақты аналарды бауыр еті балаларынан ажыратқан соғыс жылдары жетім мен жесірдің санын көбейтпесе, азайтпады. Әр ай сайын жақындары майданға кеткен сарбаздардан хат күтетін. Бірақ хат орнына қара қағаз келмесе екен деп жаратқанға жалбарынатын. Себебі әр апта сайын бір қазақ ауылына ондаған қара қағаз келетін. Қара қағаз майданда сарбаз мерт болса ғана келеді. Ал жақындарының мерт болғанын кім қаласын? Әрине, ешкім де ондайды қаламайды ғой!

1945 жыл 9 мамыр – қазақ халқы үшін ақ түйенің қарны жарылған күн. Бұл күн –қазақ халқының басына бес жыл қара бұлт үйірген сұрапыл қан майданның аяқталған күні. Бұл жеңісті күн қазіргі таңда тарихты еске түсіретін мереке күніне айналды. Бұл айтулы мерекені еңбектеген баладан еңкейген шалға дейін тойлайды. Міне, сол мерекені тойлап келе жатқанымызға 71 жыл толғалы отыр.

Біз бұл жеңіске жеткеніміз үшін соғыс ардагерлеріне өмір бойы қарыздар болып өтеміз. Олар Қазақстанның болашағы үшін, біз үшін қасық қаны қалғанша шайқасты. Өздерінің ең қымбат затын біз үшін құрбан етті. Ол-олардың өмірі. Сол үшін біз оларды мәңгі есте сақтап, қадірлеп, құрметтеуіміз қажет. Алайда соғыс ардагерлерінің ішінен оқушылар тек Бауыржан Момышұлын, Әлия Молдағұлованы, Мәншүк Маметованы,

Талғат Бигелдиновты таниды. Хиуаз Досанованы да біреу білсе, біреу білмес. Ал қалған мыңдаған кісінің есімі ше? Біз оларды да мәңгі ұлықтап, құрметтеуіміз керек. Себебі олар да біз үшін қасық қаны қалғанша шайқасты.

Ойлан, жас ұрпақ!
Сен қазіргі өмірің үшін, жер бетінде Қазақстан деген тәуелсіз мемлекеттің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бар екендігі үшін Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне қарызсың! Біз олардың есімін мәңгі санамызда сақтап, келешек ұрпаққа жеткізсек те, олардың алдындағы борышымызды өтей алмаймыз. Бірақ та біз оларды ешқашан естен шығармауымыз керек. Ұлы Жеңіске мәңгі тағзым етуіміз керек!

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер азайып барасыңдар,

- деп ақындар жырға қосса, біздер, жас ұрпақ, соғыс ардагерлерін, майданда қаза тапқан белгісіз жауынгерлердің рухына мәңгі басымызды иеміз.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.